	<p>Демалық күндері қандай мереке тойладық сұрау. Жаттаған тақпақтарын, әндерін естеріне түсіріп айтқызу.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлу, ұлттық бұрыштағы заттарға қарап бейнелеу немесе мүсінін жасау, қаласа дайын өрнектерді қоржындарға жапсыру.</p> <p>(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)</p>	<p>суретті өз бетінше қарап, сипаттауға баулу</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>Киіз үйдегі заттарды салыстыру. Екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып салыстыруды пысықтау</p> <p>(математика негіздері)</p>	<p>бөліктерінің (таңертең, күндіз, кеш, түн) сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» күн тәртібіндегі іс әрекеттерді тәулік бөлігінің қай кезінде болатынын айтқызу.</p> <p>(математика негіздері)</p> <p>Қара жорға әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. (музыка)</p>	<p>дамыту)</p> <p>Бата беретін адамдардың суретін салуды ұсыну.</p> <p>(сурет салу)</p>	<p>тыңдау.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p> <p>Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: ойын, ойын жабдықтарын пайдаланудағы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру. Балалардың ұсынған ережелерін плакаттарға салып, топта іліп қоюын ұйымдастыру</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сурет салу)</p>
Серуенге дайындық	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру.</p> <p>(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында кездесетін пішіндерді табу, сипаттау.</p>	<p>Қарда әр түрлі жануарлардың мүсінін жасату. Содан соң оны</p>	<p>Қардан қалашық құрастыруды үйрету.</p> <p>(құрастыру)</p>	<p>Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында</p>	<p>Ізгі сөздер туралы ақпарат беру. Бірнеше сөздерді жаттату. Жақсы сөз жарым ырыс.</p>

	<p>(математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Қояндар»</p>	<p>боялармен бояу. (сурет салу)</p> <p>Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар»</p> <p>Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.</p>	<p>Балабақша ауласындағы құстарды бақылату. Ұшатын зат (вертушка) жасатып желдің бағытын анықтату. Оны сипаттай білуді дамыту.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p> <p>Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»</p>	<p>кездесетін пішіндерді табу, сипаттау.</p> <p>(математика негіздері)</p> <p>Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» жел жаңбыр қардың дауыстары тану, атауды пысықтау.</p> <p>Қара түсті қағаздармен қар ұлпаларын қағып алып, лупа арқылы пішінін қарау. неге ұқсайтынын айту.</p> <p>(қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Қояндар»</p>	<p>Жалқаулық ең жаман әдет.</p> <p>Сыйлап үлкен кісіні, аялағың кішіні (көркем әдебиет)</p> <p>Балабақша ауласындағы қар деңгейін анықтау. Сызғыш немесе таяқ арқылы орындықта, ағаштың үстінде, жолдың жиегіндегі қар деңгейін анықтап, салыстыруды ұйымдастыру.</p> <p>(математика негіздері) Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»</p>
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Суретке қарап, киіз үйді құрастыруға мүмкіндік беру. (құрастыру)</p> <p>Дидактикалық ойын. «Сәйкесін тап» әр түрлі қима</p>	<p>Орман жануарлары бейнеленген суреттерді қарату, жануарлардың отбасы мүшелерін таныстыру Қазақ халқы ою өрнектерді</p>	<p>Ермексаздан құм сағатын мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу.</p> <p>(мүсіндеу) Күн тәртібі бейнеленген суретті бояу.</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша әрекет түрлерін таңдату.</p> <p>Ұлпалардың суретін салу, ермексаз және түрлі түсті</p>	<p>Суретке қарап, киіз үйді құрастыруға мүмкіндік беру. (құрастыру)</p> <p>Ермексазбен еркін әрекеттер жасату. (мүсіндеу)</p>

	карточкалар арқылы (қоршаған ортамен танысу)	жасағанда осы жануарларға қарап жасағанын түсіндіру. Дидактикалық ойын. «Сәйкесін тап» (қоршаған ортамен танысу) Ермексаздан оюларды жасап көру. (мүсіндеу)	(сурет салу) Мен қазақпын әнін айтуда, сөздерін анық айтуын қалыптастыру. (көркем әдебиет)	қағаздармен шығармашылық жұмыстарды орындату. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру) Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату (көркем әдебиет)	Кітаптардан ұлттық қол өнер туындыларын көрсетіп таныстыру.
Балалармен жеке жұмыс	Мемлекеттік рәміздері туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру	сөз тіркестерінің мәнін түсінуін, оларды өз бетінше құрауға талпындыру	Жаннұрыммен бірқалыпты, аяқтың ұшымен, әр түрлі бағытта жүгіруді үйрету	ұжымдық құрылыс жасауға қатысуға талпындыру. Заттар мен бұйымдарды өз бетінше мүсіндеуін Қайрат, Аян, Ердаулетте дағдыландыру	Бағланға кітаптар қарату. Өз бетінше жаңаны тануға ұмтылдыру
Балалардың үйге қайтуы	Ұлттық қол өнер туралы не білетінін балалардан сұрауын ұсыну. Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Зерттеу арқылы не үйренгенін сұрауға кеңес беру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Желтоқсан айы 2022жыл 4 апта

Мектепке дейінгі ұйым: Шағын орталық

Топ: «Балапан»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 26.12.2022	Сейсенбі 27.12.2022	Сәрсенбі 28.12.2022	Бейсенбі 29.12.2022	Жұма 30.12.2022
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасы туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру				
Таңертенгі жаттығу	Желтоқсан айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Шуақ шаша алтын таңда, Мөлдір таза ауада. Табиғаттың бәрі оянады. Қайырлы таң балалар! Сәлем бердім саған елім! Тал бесігім туған жерім. Сәлем бердім бәріңізге! Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыста қанша ай бар? Атап беріндер?				

	Жарайсындар!!! Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Жаңа жыл мерекесі» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру; сапта бір-бірден, шеңбер бойымен жүргізу; оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру; гимнастикалық скамейканың бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру <u>Қимылды ойын:</u> Тышақандар мен мысықтар	Музыка "Дала аппак". Мақсат-міндеттер: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.	Дене шынықтыру жаттығулар. <u>Негізгі қимылдар:</u> жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) жүру; шеңбер бойымен жүргізу; төрт тағандап еңбектеу; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру. <u>Қимылды ойын:</u> Өз түсіңді тап <u>Спорттық жаттығулар:</u> Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. Бұрыннан таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> Адымдап жүру; сапта бір-бірден жүгіру; аяқты бірге, алшақ қойып, бір аяқпен (оң және сол аяқты алмастыру) секіру; оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан) лақтыру <u>Қимылды ойын:</u> Поезд	Музыка "Аққаламен достасайық" Тақырыбы: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; музыка әуенімен жүгіруге және алға-артқа секіру дағдысына үйрету; музыкалық аспаптардың дыбысын ажырата білу және музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыруды пысықтау.

			бойынша қайталап айтуға одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Қазақ тілі		
Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін суреттер арқылы қалыптастыру. Топтағы мерекеге дайындықты байқату. Ертеңгіліктерге жаттап жүрген әндерін тақпақтарын естеріне түсіріп айтқызу. (қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін оқып беру. Өз бетінше рөлді таңдап, сомдауға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Ертегі желісі бойынша қалаған жануарының мүсінін жасату. (мүсіндеу)	«Үш торай» мультфильмін тамашалату. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өзінің көзқарасын білдірту (көркем әдебиет) Ертегі желісі бойынша ұжымдық сурет салдырту (сурет салу).	Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балалар топтан соның жұбын табады. (математика негіздері) Сазбалшықтан	«Ертең жаңа жыл» тақырыбында әңгімелесу. Үйдегі жаңа жылға дайындығы, аяз атадан алған және алатын сыйлықтары туралы өз ойларын толық сөйлеммен жеткізе білу дағдысын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту) Шыршадағы ойыншықтарды санау, олардан қандай жиындар жасауға болатынын анықтау. Бірдей сандағы ойыншықтарды табу. (математика негіздері)	

				шыршаға ойыншықтар жасату. (мүсіндеу)	
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Музыка залына барып жаңа жыл мерекесіне қойылған шыршаны тамашалау. Осында ертеңгілікке келетіндерін залдың безендірілуі туралы пікірлерін тыңдау. (қоршаған ортамен танысу) 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Балабақша ауласындағы ағаштарды, құстарды санату. (математика негіздері)	Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелерімен таныстыру түсініктерін кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениет дағдыларын қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу) Қар бетінде таяқпен жолдар салу. Аяқтарының іздерін бақылату. (сурет салу)	Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: қыста - құстарды қоректендірудің қажеттігін ұғындыру (қоршаған ортамен танысу) Конструктордан	Далада не бар? Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Қардың ауырлығын анықтау. Қарды шелекке салу. Жаңа жауған қармен біраз жатып қалған қарды салыстыру арқылы (қоршаған ортамен танысу) Табиғи заттардан (қардан) әр түрлі	Балалардың сұранысы бойынша кітап оқып беру. (көркем әдебиет) Ауладағы ағаштарды санау, бақылау, салыстыру, қарларын түсірткізу (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Трамвай»

	<p>Қимылды ойын «Хан талапай»</p> <p>Еркін ойындар</p>	<p>Қимылды ойын «Поезд»</p>	<p>көлік құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»</p>	<p>құрылымдар құрастыртуды дамыту (құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын «Өз түсінді тап»</p>	
Серуеннен оралу	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).</p>				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Кітаптар қарау. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Балаларды топты безендіруге қатыстыру үшін топты безендіруге арналған заттардың үлгісіне қарап орталықтарға бөлініп іс әрекеттер жасату. (мүсіндеу, сурет салу, жапсыру)</p> <p>жаңа жыр әнін айтқызу (музыка)</p>	<p>Өзінің дене бөліктерін бағдарлау және атауды жетілдіру (бас, аяқтар, қолдар). Еңбек құралдарын оң қолымен солдан оңға қарай орналастыруды пысықтау (математика негіздері)</p> <p>Жаңа жыл ертеңгілігіне дайындық, тақпақтарын, әндерін қайталау. Ертегіні рөлге бөліп сомдату. (көркем әдебиет)</p>	<p>Топтағы көліктерді санату, салыстыру. жиын жасату. (математика негіздері)</p> <p>Топтағы гүлдердің мүсінін жасау және қағаздан жасату. (мүсіндеу, жапсыру)</p>	<p>Шырша бұтақтарынынан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау; (жапсыру)</p> <p>«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу.</p> <p>Шырша ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)</p>

		Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)		дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	
Балалармен жеке жұмыс	тұратын қаласы мен ауылы туралы түсінігін жетілдіру	гимнастикалық қабырғаға өрмелеуді және одан түсуді пысықтау	ойнап болған соң құрылыс бөлшектерін жинауды үйрету	әдеби шығарма кейіпкерлерінің дауыс ырғағы мен мәнерлігін оларға еліктеп, жеткізе білуге талпындыру.	ұстау және көру тәсілдері арқылы геометриялық фигураларды зерттеуді үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Жаңа жыл туралы әңгімелесуді ұсыну. Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау. Апта бойында болған қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қаңтар айы 2023 жыл 1 апта

Мектепке дейінгі ұйым: Шағын орталық

Топ: «Балапан»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 02.01.2023	Сейсенбі 03.01.2023	Сәрсенбі 04.01.2023	Бейсенбі 05.01.2023	Жұма 06.01.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды арнайы жасалған күлімдеген күн стикерімен қарсы алу, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдысын пысықтау. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге баулу. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балалардың мінез құлқындағы өзгерістер туралы ата-аналарға кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояу, Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Табиғат бұрышындағы тірі объектілерге күтім жасауға арналған құралдар туралы білімдерін қалыптастыру (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертеңгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар) мен ұйқының қанық болуының пайдасы туралы түсінікті кеңейту.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері Аспан ашық көгілдір Күн шуағын төгіп тұр Қол ұстасқан біздерге Терезеден қарап тұр. Балалардың сезінген әсерлерімен, жаңалықтармен бөлісу.				

	Меркелік көңіл күйлері қалай екені сұрау? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер			<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден жүру «жыланша» жүгіру; 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; бағыт бойынша түзелу <u>Қимылды ойын:</u> Кішкене маймылдар Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: ересектердің көмегімен шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; шаңғыны киіп, шешу. Қазақ тілі Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», «түйеші», «сиыршы» аталған атаулардың</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> Негізгі қимылдар: сапта бір-бірден жүру «жыланша» жүгіру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; бағыт бойынша түзелу. <u>Қимылды ойын:</u> Қояндар</p>	<p>Музыка "Дала аппақ". Мақсат-міндеттер: балалардың әндегі төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту</p>

			олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру. Төрт түлік иелерінің төлдерді қалай шақыратынын балалардың өздеріне айтқызу.		
			Шырша түбіндегі ойыншықтармен ойын. Жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру, заттарды жұппен қою арқылы оларды санамай-ақ салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді дамыту. (математика негіздері) Дайын шыршаның бетіне ойыншықтарды тандап, үйлестіріп жапсыру. Шыршаның түбіне өз қалаулары бойынша ойыншықтар қойғызу (жапсыру)	Терезеге қарап бүгінгі ауа райын бақылау. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың (суретін салу, қағаздан қиып жапсыру).	Балаларға жаңа жылдық ертеңгілікте киген ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсету. Өз бетінше тандап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет) Үш бірдей қорапшаны көрсету. Ішіндегі заттарды санау және салыстыру. 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету (математика негіздері)

<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын дамыту. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p>Серуен</p>			<p>Ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын дамыту. Қыс мезгілінде, жаңа жыл мерекесін тойлаудағы ерекшеліктері туралы әңгімелесу. Жаңа жыл мерекесінде ата апаларына барды ма сұрау. (қоршаған ортамен танысу) Жаңа жыл ертеңгілігіне жаттаған тақпақтарымен әндерін естеріне түсіру. Мәнерлеп айтып беруіне мүмкіндік жасау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Кім жылдам» Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың</p>	<p>Алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы сану салыстыру дағдыларын дамыту (математика негіздері) Қардан тасбақа жасату. (құрастыру) Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір» Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды</p>	<p>Қыс мезгілінде ағаштар не істейді? Олардың үстіндегі қардың қалыңдығы неге әр түрлі екенін анықтату. Мысалы шыршада қар қалың болса, кейбір жеміс ағаштарында қар ондай қалың еместігін байқату. (қоршаған ортамен танысу) Қарда ағаштарды бейнелету (сурет салу) Қимылды ойын «Кешікпе» Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: шаңғымен бірінің артынан бірі жүру; ересектердің көмегімен шаңғыны киіп, шешу.</p>

			белсенділігін дамыту.	музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (музыка)	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды пысықтау. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)			Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың үйде жаңа жыл мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салу, мүсінін жасауына жағдай жасау. (сурет салу, мүсіндеу) Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру (құрастыру)	Топтағы өсімдіктер мен жануарларға күтім жасату. Олардың қыс мезгіліндегі тіршілігі туралы әңгімелесу. (қоршаған ортамен танысу) Топтағы өсімдікті немесе жануарды қалауы бойынша мүсіндеу немесе суретін салу. (мүсіндеу, сурет салу) Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет)	Ертегі кітаптарын қарау, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. (сөйлеуді дамыту) Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу) Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту. (жапсыру) Шығармашылық қиялды дамыту,

					көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді құрастыру (құрастыру)
Балалармен жеке жұмыс			Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояу	Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру	Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарау, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу
Балалардың үйге қайтуы	Қыс мезгілігің ерекшеліктері туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Қысқы ойындарды ойнау. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстырып отыру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қаңтар айы 2023 жыл 2 апта

Мектепке дейінгі ұйым: Шағын орталық

Топ: «Балапан»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 09.01.2023	Сейсенбі 10.01.2023	Сәрсенбі 11.01.2023	Бейсенбі 12.01.2023	Жұма 13.01.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы қыс мезгілінде де таза ауаға шығуы жөнінде кеңес беру				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сикырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, (сөйлеуді дамыту) Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасау, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)				
Таңертенгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балаларға ғажайып қоржынды көрсету. Ішінде диск бар екен. Дискті қосып көремізбе балалар? Теледидар арқылы күнделікті бір мамандық иесі туралы фильм көрсету. «Қандай мамандық иелерін білетінін сұрау?». «Менің өскенде кім болам?» ойларын сұрау. Суреттер арқылы түсіндіру. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u>	Музыка "Аппақ қар". Мақсат-міндеттер:	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u>	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u>	Музыка "Қыс" әні Мақсат-міндеттер.

	<p><u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірден жүру; шашырап жүгіру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; бағыт бойынша түзелу.</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Қоймадағы тышқандар</p>	<p>балаларды аяқпен тыңдай білуге және әннің сөздік мазмұнын эмоционалды қабылдай білуге үйрету.</p>	<p><u>Негізгі қимылдар:</u> жүру; шашырап жүгіру; 4-5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Тауықпен мен балапандар</p> <p><u>Спорттық жаттығулар:</u> Шаңғымен жүру: ересектердің көмегімен шаңғымен бірінің артынан бірі жүру;</p> <p>үлгі бойынша жай, жайылма сөйлемдер құра білуге үйрету. Қарым-қатынас барысында балаларды қойылған сұрақтардың сипатына сәйкес хабарлы, лепті,</p>	<p><u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірден жүру; шашырап жүгіру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру.</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Торғайлар мен мысық</p>	<p>Балалардың шулы әннің сипаты мен төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін дамыту; музыкадағы ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту.</p>
--	--	--	--	---	--

			бұйрықты сөйлемдермен жауап беруге мүмкіндік беру Қазақ тілі		
<p>Балабақшаның суретін көрсету. Мамандық иелерінің суреттерінен балабақшада жұмыс жасайтын қызметкерлердің суретін таңдау. Оларды балабақшаның қасына тізіп қою. Олардың қандай қызмет жасайтындары туралы әңгімелету. (көркем әдебиет)</p> <p>Аталмай қалып кеткен мамандық иелерін таниды ма сұрау. Жақындарының мамандықтарымен таныстыру, олардың атқаратын қызметінің маңызын түсіну, ата-анасының мамандықтарына қызығушылықты</p>	<p>Дәрігер қонаққа келеді. Өзінің мамандығы жайында балалардан не білетінін сұрау. Өзінің құралдарымен таныстыру. Өкпесін тыңдау, балаларға тыңдату. Дене температурасын өлшейтін құралмен таныстыру. Одан қорқудың қажеті жоқ екенін түсіндіру. Балаларға дәрігердің киімдерін киіп рөлдік ойындар ойнату (көркем әдебиет)</p> <p>Балаларды орталықтарға бөлу. Ұжымдық сюжетті композицияны құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Дәрігердің қобдишасына дайын пішіндерді қиып жапсырту. (жапсыру)</p>	<p>«Менің қалам» тақырыбында үйлер құрастыру. Құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындату. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылысшылар туралы ақпарат беру. Балалардың жақындарының арасында құрылысшылар бар ма сұрау. (құрастыру)</p> <p>Мамандық иелерінің киімдерін киіп еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан</p>	<p>Дәрігер Дәрігермін мен деймін, Кәрі әжемді емдеймін. Көп-көп ішіп дәріні Кәрілікті жең деймін. <i>Ө.Тұрманжанов</i></p> <p>Құрылысшы Қолда темір қалағым, Саздан сарай саламын. Алматыдан аумайтын Әсем қала саламын. <i>Ш.Садыханов</i> тақпақтарын жаттау. (көркем әдебиет)</p> <p>Алтын қоржыннан әр түрлі заттар шығару. Оларды салыстыру, санау. Сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды меңгерту (жоғары-төмен, қалың-жұқа). (математика негіздері)</p>	<p>Метр өлшеуіш құралын және сызғышты таныстыру. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. жуандығы бойынша заттарды салыстыруды үйрету (математика негіздері)</p> <p>Мен болашақта болатын мамандық жайында әңгімелесу? Неге ол мамандықты ұнатады? Ол қандай киім киеді? Қандай құралдармен жұмыс жасайды? Сұрау. (сөйлеуді дамыту)</p>	

	<p>қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Маманыдық иелерінің суреттерін бояумен бояу. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүртуді орындату.</p>	<p>Дәрігерге арнап естелік суреттер салдырту. (сурет салу)</p> <p>Дәрігердің құралдарының мүсінін жасап, қобдишаға салдырту. мүсіндеу)</p>	<p>көрсетуге (қатыгез-мейірімді, ақкөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет)</p>		
Серуенге дайындық	<p>Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу.</p> <p>Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
Серуен	<p>Балабақша ішінде серуен. Әр түрлі мамандық иелерімен таныстыру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»</p> <p>Дербес ойындар. Балалардың доптармен,</p>	<p>Дәрігермен бірге серуенге шығу. Денсаулық сақтау үшін спорттық ойындар ойнап, спортпен шұғылдану керектігі туралы айтып түсіндіреді. Балалар өздерінің ойларын айтып әңгімеге қосылады. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Спорттық жаттығу:</p>	<p>Аула тазалығына жауап беретін маманмен таныстыру. Аула тазалығының жұмыстарына қатыстыру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Ханталапай»</p>	<p>Шамасы келетін жұмысты орындату кезінде балалардың бастамасын қолдау: қар тазалау, қыстайтын құстарды қоректендіру.</p> <p>Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»</p>	<p>Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Қимылды ойын «Ханталапай» Ауа райын бақылау, қардың жауғанын, желдің соққаны туралы айту. олардың ерекшеліктері мен</p>

	қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау, Қардан аю құрастыру. (құрастыру)	Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау.	Қарда таяқпен сурет салу. (сурет салу)	«Мамандықтың бәрі жақсы» әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка)	ұқсастықтары туралы айту. (қоршаған ортамен танысу)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Біздің балабақшаның апайлары. Әр бала өз таңдауы бойынша бір мамандық иесін мүсіндейді. Ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісуді. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру. (мүсіндеу) Дайын мамандық құралдарын бейнелерге апары желіммен жапсырту. (жапсыру) Ұнататын әнін	Құрылыс материалдарынан дербес әрекет жасату. (құрастыру) Заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді дамыту (менің алдымда шырша, сол жағымда апай) айтуды үйрету. (математика негіздері)	Алдыңғы танысқан балбақша қызметкерлері, дәрігер және құрылысшы туралы не білетіндерін естеріне түсірту. Содан соң орталықтарға бөлініп өздеріне ұнайтын мамандық иелерінің суреттерінің қасына олардың құралдарын қиып жапсыру немесе ермексازдан жасату. (мүсіндеу, жапсыру) Кеңістік бағыттарын өзіне	Кітаптар қарату, өздері білетін ертегідерді сахналау. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру. «Еңбекпен тапқан ақша» ертегісін оқып беру. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды киюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Еркін	Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (диірмен) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуін дамыту. Бұрынғы заманда қандай мамандықтар болғаны туралы сұрау, балалардың ойларын тыңдау. (құрастыру) Орталықтарға бөлініп «Мен болашақта мамандық иесі боламын» тақырыбында

	дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка)		қатысты анықтауды үйрету. Аю ойыншығын баланың әр жағына қою арқылы, дұрыс атауын үйрету. (математика негіздері)	тақырыпта жұмыс. (жапсыру)	шығармашылық жұмыстарын жасату. Таңдауы бойынша сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді орындату
Балалармен жеке жұмыс	тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөлісе білуін үйрету	таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуын дамыту	шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолдануды қалыптастыру	ойын ашық айтып, өзінің пікірін білдіріп, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатауын дамыту	Кітапран суреттер қарау. Суреттер бойынша өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізе білуін дағдыландыру.
Балалардың үйге қайтуы	Мамандықтар туралы сұрау, толық өздерінің қандай мамандық иелері екенін айтып беруді ұсыну. Мүмкіндік болса өз жұмыс орнына алып бару. Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қаңтар айы 2023 жыл 3 апта

Мектепке дейінгі ұйым: Шағын орталық

Топ: «Балапан»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 16.01.2023	Сейсенбі 17.01.2023	Сәрсенбі 18.01.2023	Бейсенбі 19.01.2023	Жұма 20.01.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілеу (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.				
Таңертеңгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Қыс мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріндерші? Қыста не жауады? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.				

	«Көліктер туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүру; жыланша жүгіру; 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. <u>Қимылды ойын:</u> Қоймадағы тышқандар</p>	<p>Музыка "Қасқыр үнін тыңдайық". Мақсат-міндеттер: балаларды қасқыр туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірден жүру; шашырап жүгіру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; 4–5 сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, <u>Қимылды ойын:</u> Кішкене маймылдар Спорттық жаттығулар: Шаңғымен жүру: ересектердің көмегімен шаңғымен бірінің артынан бірі жүру;</p> <p>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірден жүру; жыланша жүгіру; 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; <u>Қимылды ойын:</u> Қояндар</p>	<p>Музыка "Аңдар туралы не білеміз?" Мақсат-міндеттер: балаларды қасқыр туралы әнді қызығушылықпен тыңдай білуге үйрету; әннің сипатына қарай музыкадағы төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.</p>

			жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. Қазақ тілі		
«Көлік жүргізушісі» ойынын ойнату. әр баланы жүргізуші етіп, тапсырмаларды орындату. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді пысықтау (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (математика негіздері) Көлік жүргізушісі туралы не беледі? Жүргізуші барлық көлікке қажет пе? Балалардың ойларын тыңдау, кітаптардан көлік түрлерінің суретін қарату. (сөйлеуді дамыту)	Ғажайып қорапшадан түрлі көлік түрлері шығады. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын атып беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу)	Балалардан бүгін қай мезгіл, аптаның қай күні туралы сұрау. Карточкалар арқылы тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Дидактикалық ойын «Бұл қай кезде болады?» күн тәртібіндегі іс әрекеттерді тәулік бөлігінің қай кезінде болатынын айту. (математика негіздері) Қара жорға әнін айтқызу, би қимылдарын жасату. (музыка)	Ұшақ пен кемелердің суреттерін көрсету. Кім ұшаққа немесе кемеге мініп көрді сұрау. Алған әсерлері туралы сұрау. Ұшақ қалай ұшады, кеме қалай жүзеді ойын арқылы көрсету, әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту) Шығармашылық қиялды дамыту. Ұшақ пен кемелерді қиып жапсыру. (жапсыру)	«Үміт» әңгімесін оқып беру. Балаларға ат пен сиыр баяғы заманда көлік құралы болғанын айту. болашақта оларда күшті көлік құралдарын ойлап табатыны туралы айту. (сөйлеуді дамыту) Өз өмірінің қауіпсіздігінің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: жолда жүру ережелерінен не білетінін сұрау. Топта ережелерді белгілеу. Балалардың ұсынған ережелерін плакаттарға салып, топта іліп қою (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)	

Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Көлік түрлерінің қолданысын (әуе, су, жерде жүретін көліктер) ажырата білуді, оның түрлері және қолданылуы машинаның жабдықтарына байланысты екені туралы (жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы) білуді. Көшеге қарап тұрып, қандай көліктердің өтіп жатқанын көру, атауларын дұрыс ататуды дамыту. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Автобус»	Қардан әр түрлі көліктердің мүсінін жасау. Содан соң оны бояулармен бояу. (сурет салу) Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар» Шанамен сырғанау: төбешіктен сырғанау; бір-бірін сырғанату, шанамен төбешікке көтерілу, төбешіктен түскенде тежеу. Мұз жолмен өз бетінше сырғанау. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. (қоршаған ортамен танысу)	Қардан қалашық құрастыру. (құрастыру) Балабақша ауласындағы құстарды бақылату. Ұшатын зат (вертушка) жасатып желдің бағытын анықтату. Оны айта білуді дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Ауа райын бақылау, Балабақша ауласында кездесетін пішіндерді таптырту. (математика негіздері) Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» кеме мен ұшақтардың дауыстары тану, атауды пысықтау. Қимылды ойын «Қояндар»	Кітаптардан көліктердің суретін қарату. Осы аптада ұнаған іс әрекеттері туралы, жаттаған тақпақтары туралы бір біріне айтып беруін ұйымдастыру. (көркем әдебиет) Балабақша ауласындағы қар деңгейін анықтату. Сызғыз немесе таяқ арқылы орындықта, ағаштың үстінде, жолдың жиегіндегі қар деңгейін анықтап, салыстыруды пысықтау. (математика негіздері) Қимылды ойын «Мекен мен балапандар»
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Балаларды екі орталыққа бөлу. Бірінші орталықта балалар «Жолдар мен көліктер» ойынын ойнайды. Балалар алдымен жол, содан соң әр қайсысы көлік құрастырады. «лего» конструкторлардан құрастырту: Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. (құрастыру) Екінші орталықта шығармашылықпен айналысады. Қалаулары бойынша көліктердің суретін бояйды немесе мүсінін жасайды. Таңдауы бойынша дайын көліктерді қиып</p>	<p>Ермексаздан көліктер жасап көруіне жағдай жасау. (мүсіндеу) Машина Машинамын - көлікпін, Мамандарға көніктім. Үйренген соң білімді Білерсіңдер тілімді. <i>Ә.Табылдиев</i> Тақпағын жаттаға бейімдеу. (көркем әдебиет) Құрылыс материалдарымен еркін ойындар (құрастыру)</p>	<p>Ермексаздан ұшақты мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. (мүсіндеу) Ұшақты суретін салу (сурет салу) «Құмырсқаның қанағаты» ертегісін оқып беру, таныс әдеби шығармалар, ертегілер бойынша қарапайым қойылымдарды ойнауға, образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын (интонация, ым-ишара, қимыл) қолдануға ынталандыру. (көркем әдебиет)</p>	<p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Ұшақ пен кемені бояту. (сурет салу) Қағаздан ұшақ құрастыруды ұсыну (құрастыру) Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату (көркем әдебиет)</p>	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындары. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. (құрастыру) Ермексазбен еркін әрекеттер жасату. (мүсіндеу)</p>
---	--	---	---	--	--

	жапсырады.				
Балалармен жеке жұмыс	геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттеуді үйрету.	жұмбақтар жасыру. Жұмбақтардың жауабын табуына қызығушылығын тудырып, талпындыру.	қағаз парағын түрлендіруді үйрету	Топтағы ойыншық сәресін реттестіру. Нұриманды берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға талпындыру.	өз бетінше ойнауды және спорттық ойындардың ережелерін сақтауды үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру. Оқып берген ертегілерді сахналауды үйде қайталау. Көлік түрлері туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Қаңтар айы 2023 жыл 4 апта

Мектепке дейінгі ұйым: Шағын орталық

Топ: «Балапан»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 23.01.2023	Сейсенбі 24.01.2023	Сәрсенбі 25.01.2023	Бейсенбі 26.01.2023	Жұма 27.01.2023
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту) .				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасы туралы әңгімелесу. Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру				
Таңертеңгі жаттығу	Қаңтар айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) . Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындау. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Шуақ шаша алтын таңда, Мөлдір таза ауада. Табиғаттың бәрі оянады. Қайырлы таң балалар! Сәлем бердім саған елім! Тал бесігім туған жерім. Сәлем бердім бәріңізге! Балалар қазір жылдың қай мезгілі?				

	<p>Қыста қанша ай бар? Атап беріндер? Жарайсыңдар!!! Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Қыс мезгілінің ерекшеліктері» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүру; шашырап жүгіру; 4–5сызықтан аттап (сызықтардың арақашықтығы 40–50 сантиметр) секіру, 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; <u>Қимылды ойын:</u> Тауықпен мен балапандар</p>	<p>Музыка "Құстар әні". Мақсат-міндеттер: балаларды құстар туралы әндерді тыңдап және айтуда әндердің сипатын ажырата білуге үйрету; құстар туралы әнді сезімталдықпен қабылдай білу қабілетін қалыптастыру.</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> сапта бір-бірден жүру; жүгіру; 50 сантиметр биіктікте ілінген арқанның астынан еңбектеу; бөрененің бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру; бағыт бойынша түзелу <u>Қимылды ойын:</u> Торғайлар мен мысық <u>Спорттық жаттығулар:</u> Шаңғымен жүру: ересектердің көмегімен шаңғымен бірінің артынан бірі жүру;</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүру; шашырап жүгіру; 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру; бағыт бойынша түзелу <u>Қимылды ойын:</u> Масаны ұстап ал</p>	<p>Музыка "Тауықтар" биі Мақсат-міндеттер. Балаларды үй жануарлары туралы әндерді тыңдауға және айтуға үйрету; музыканың сипаты мен әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды топпен бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысына жаттықтыру; дыбысты есту қабілеті мен музыкалық аспапты әуенге ілесе отырып, дыбысты дұрыс қайталай білу қабілетін жетілдіру; үй жануарлары жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балалардың</p>

	Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісу. Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру	Дене шынықтыру	Музыка
	<u>Жалпы дамытушы жаттығулар</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүруді секірумен алмастырып жүру жетекшіні ауыстырып жүгіру 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; орнында айналу; <u>Қимылды ойын:</u> Жалауға қарап жүгіру.	"Анаға сәлем". Мақсат-міндеттер: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.	<u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүруді секірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып: жетекшіні ауыстырып жүгіру допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); орнында айналу; <u>Қимылды ойын:</u> Кешікпе Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу Қазақ тілі Сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару	<u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүруді секірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып: жетекшіні ауыстырып жүгіру допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру <u>Қимылды ойын:</u> Тышақандар мен мысықтар	"Анаға сәлем". (пысықтау) Мақсат-міндеттер: балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.

			үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу		
Балаларға «кітап» орталығында «Жыл мезгілдері» ертегісін оқып беру. Жыл мезгілдерінің атаулары мен ай атауларын атауды, санауды үйрету. (көркем әдебиет) Қазақстанның көрікті жерлерінде түсірілген фото суреттерді көрсетіп, Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Суреттегі бейнеленген жерлер туралы айту. Өздерінің тұрып жатқан жерлерінің тағы қандай мезгілде әдемі болатынын сұрау. (қоршаған ортамен танысу) Қағаздан құрастыру: «Оригами» үлгісі бойынша қарапайым гүлдерді құрастыруды	Балаларға почта арқылы келген сыйлықты көрсету Ішін ашып көру үшін сыйқырлы сөзді айтқызу. Ішінде әр түрлі құрастыру ойыншықтары бар екен. Балаларды екі топқа бөліп. Бірінші топтағы балаларға әр түрлі құрылымдарды құрастырғызу (құрастыру) Екінші топ балаларына құрастыру ойыншықтарын жұптастырып қою арқылы оларды санату, салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтату. Сосын екі топтың балалары өздерінің жасаған жұмысы туралы қарама қарсы топтағы балаларға айтып беруін ұйымдастыру.	Балалардың назарын тақтаға ілінген көптеген көктемнің нышандары бейнеленген суреттерге аударту. Реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. (математика негіздері) Тақтада ілініп тұрған заттарды балаларды екі топқа бөліп, ұжымдық жұмыс ұйымдастыру. Балалар өздері сұраққа жауап беріп алған заттарын жапсырып, көктемнің бейнесін жапсырады. (жапсыру)	Зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға үйрету. Ғажайып қоржынды көрсетіп ішінен бір затты алу. Оның қандай екенін сипаттау (сөйлеуді дамыту) Балалардың қалауы бойынша терезеден көрген заттарын немесе құбылыстардың (суретін қағаздан жапсыру) салу, қиып	Ертегі кейіпкерлерінің киімдерін көрсету. Өз бетінше таңдап киіп ойындар ойнату. Еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдауға, оларды басқа қырынан көрсетуге (қатыгез-мейрімді, аккөңіл-салмақты) ынталандыру. (көркем әдебиет) Балаларды екі орталыққа бөлу. Бір орталықта Өздеріне ұнайтын ертегі кейіпкерлерінің суретін бояу (сурет салу) Екінші орталықта ертегі кейіпкерлерін санау. 5 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру. Сандар патшалығына қонаққа бару. Карточкалармен жұмыс. Дидактикалық ойын «Көршісін тап» (математика негіздері)	

	<p>дамыту. (құрастыру)</p>	<p>(математика негіздері және сөйлеуді дамыту) Балалардың қалаулары бойынша бояулармен сурет салуды ұсыну. Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту дағдыларын дамыту. (Сурет салу) Балалар жұмыстарын аяқтаған соң тәрбиеші қорапты қозғап ішінде тағы бір зат бар сияқты деп дыбысын тыңдатады. Қорапқа сиқырлды сөздер айтқанда қораптың астын ашса кәмпиттер бар екен. Балаларға жақсы жұмыстары үшін таратып беру.</p>			
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық - ойын құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану дағдыларын пысықтау. Құлап қалған кезде өзіне қарапайым көмек көрсетуге, науқастанған кезде ересектерге жүгінуге баулу. (Салауатты өмір салтын қалыптастыру)</p> <p>Балалардың өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. Шкафтарынан киімдерін ретімен алып, дұрыс киіну және достарына киінуіне көмектесу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге үйрету. Серуенге бара жатқанда айналасына қарап, өзгесітерді байқау және атауды дамыту. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				

<p>Серуен</p>	<p>Ауа райын бақылау. Күннің қандай болып тұрғанын айтқызу. Фетр матаға күннің шуақтарын жапсыру. (жапсыру) Көктем туралы ән тыңдап, бірге айтып, би билету. (музыка) Қимылды ойындар. Қимылды ойындарда жетекші рөлді орындауға үйрету, ойын ережелерін саналы түрде сақтауға баулу.</p>	<p>Балалар айналаға қараңдаршы, біз көктемнің келгенін қалай байқауымызға болады. Көктем тез келу үшін біз не істей аламыз. Көктем келгенше бір бірімізге жақсы жылы сөздер айтып үйренейік. (қоршаған ортамен танысу) көктем туралы тақпақ жаттап көктемнің тез келуіне өз септігімізді тигізейік Көктем Көктем қырға төрледі, Төрт-түлік мал төлдеді. Бейшешек құлпырып, Деп тұрғандай: көр мені. <i>К. Ыбрайұлы</i> (көркем әдебиет) Спорт залға келіп қимылды ойындар ойнап, спорттық жаттығулар жасау: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу</p>	<p>Көктемнің қыстан айырмашылығын атауды үйрету. Қарлардың ертіп ағып жатқан тамшыларын тамашалау. Ағаштарды құстарды бақылау. Қазанақ қияр, балгарский перец немесе баклажанның (немесе гүлдердің) дәндерін алып, кішкентай стаканчиктерге отырғызу. (қоршаған ортамен танысу) Жыл мезгілдері ертегісін және көктем тақпағын естеріне түсіріп айту (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Кім жылдам» Доптармен, секіргіштермен, құрсаулармен ойындарда балалардың белсенділігін дамыту.</p>	<p>Алып шыққан ойыншықтармен жеке және топтық ойын «қанша болды?», «қаншасы қалды?» сұрақтарын қою арқылы сану салыстыру дағдыларын дамыту (математика негіздері) Табиғи заттардан кеме құрастырып, қардың еріп ағып жатқан суына жүрздірту (құрастыру) Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату (музыка) Қимылды ойын: «Кім жылдам»</p>	<p>Қар тез еріп кетуі үшін не істеуге болады. Тұзды қарға сеуіп көрсету. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Кешікпе» Аналар мерекесіне арналған ертеңгілікте айтатын әндерін билерін пысықтау. (музыка)</p>
----------------------	--	---	--	---	---

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз –өзіне қызмет ету дағдыларын топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айту және т.б. жаттату. (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Дикция бойынша жұмысты жалғастыру: сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылуын жақсартуды көздеп балаларды үш топқа бөлу Бірінші топтағы балаларға «Жыл мезгілдері» ертегісін өз бетінше айту дағдыларын қалыптастыру, жыл мезгілдерінің суреті бойынша сипаттауды үйрету. Екінші топта балалар ермексазбен әр жыл мезгіліндегі ағаштар мүсінін ермексаздан жасауын ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту, мүсіндеу) Үшінші орталықта: жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі, өлшемдегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру. «Топтастыр» ойынын ойнату. Қыс және көктемнің киімдерін,	Көктем туралы әнді естеріне түсіріп айтқызу, би билету. (музыка) Балаларды екі орталыққа қалауы бойынша бөлу. Көктемнің белгілері гүлдерді ермексаздан жасап, қиылған гүлдерді жапсыру. (мүсіндеу және жапсыру)	Балаларды орталықтарға бөлу. Балалардың аналар мерекесіне алған сыйлықтарының суретін салғызу, мүсінін жасауына жағдай жасау. (сурет салу, мүсіндеу) Сызбаны (карточкаларды) қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыруды жетілдіру (құрастыру)	Өздері отырғызған дәндерге су құю, оларды бақылатып дәл қазіргі сәттегі бейнесін салу. (көршаған ортамен танысу және сурет салу) Отырғызған дәнінен қандай өсімдік өсіп шығатынын ойлап, ермексаздан мүсінін жасату (мүсіндеу) Балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру (көркем әдебиет)	Ертегі кітаптарын қарату, балалардың қалаған ертегілерін оқып беру, үстел үсті театры арқылы көрсету. Өздерінің айтуына жағдай жасау. (сөйлеуді дамыту) Балаларды орталықтарға бөлу. Оқылған ертегі желісі негізінде көлемді пішіндер мен қарапайым композицияларды мүсіндеуге қызығушылығын арттыру. (мүсіндеу) Балалардың қалауы бойынша ертегі кейіпкерлерін жапсырту. (жапсыру) Ертегі желісіне жетпей қалған кейіпкерді құрастыру (құрастыру)

	заттарын топ болып арнайы екі қорапқа жинау, содан соң қуыршақ бейнесіне үйлестіріп қойып шығуды ұйымдастыру. (математика негіздері)				
Балалармен жеке жұмыс	өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын жетілдіру	«оригами» үлгісі бойынша қарапайым пішіндер құрастыруды үйрету	сыпайы түрде өз өтінішін білдіріп, көрсеткен қызметі үшін алғыс айтуын дағдыландыру	тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтуға талпындыру	теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды сіндіру
Балалардың үйге қайтуы	Көктем мезгілінің ерекшеліктері туралы балалармен әңгімелесуді ұсыну. Балаларға қызықты ойындарды үйде ойнауға ұсыну. Апта бойы жасалған жұмыстармен таныстыру.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 2023 жыл 2 апта

Мектепке дейінгі ұйым: Шағын орталық

Топ: «Балапан»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 06.03.2023	Сейсенбі 07.03.2023	Сәрсенбі 08.03.2023	Бейсенбі 09.03.2023	Жұма 10.03.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды жайдары көңіл күймен қарсы алу. Баланың балабақшаға деген қызығушылығын арттыру. Баладан қандай көңіл күймен келгенін стикер арқылы көрсетіп, сәлемдесуді пысықтау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Аналар күніне арналған ертеңгілікке қатысуға шақыру. Апта бойы жасалған жұмыстар туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Пазлдармен үстел -үсті ойыны. Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қалта», «Суретші қай жерде қателесті?», «Не жоқ?». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояту. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарату, (сөйлеуді дамыту) Табиғаттағы ауа райының жағдайын бақылауға және бақылаудың нәтижелерін табиғат күн тізбесінде белгілеуге үйрету. Шамасы келетін жұмысты орындау кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. Балармен жеке жұмыс. (қоршаған ортамен танысу)				
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертенгі жаттығуларды орындату. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындату(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Балалар көктемнің күніндей жылы сөздерді бір біріне айтады. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u>	Музыка "Әніміз сыйлық болсын". Мақсат-міндеттер:		Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u>	Музыка "Нұрлы көктем". Мақсат-міндеттер: балалардың әнді

	<p>жүру жетекшіні ауыстырып жүгіру гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу 20–25 сантиметр биіктіктен секіру орнында айналу;</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Өз түсінді тап</p>	<p>балаларды ана туралы әннің сипатын ажырата білу және дыбысты есту қабілетін қалыптастыру; төмен және жоғары дыбыстарды ажырата білу қабілетін жетілдіру.</p>		<p>жүру жетекшіні ауыстырып жүгіру гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу 20–25 сантиметр биіктіктен секіру орнында айналу;</p> <p><u>Қимылды ойын:</u> Тегіс жолмен</p>	<p>орындау кезінде оның сипатын ажырата білу қабілетін қалыптастыру; әнді топпен орындау дағдыларына жаттықтыру; музыка әуенімен бірге би қимылдарын және адым жаттығуларын үйлесімді орындауға дағдыландыру.</p>
	<p>«Бесік жырын» тыңдату. Балалардан бұл әнді кім айтатынын сұрау. Адамның ең жақыны кім екенін сұрау. Аналарын қалай жақсы көретіндігі туралы балалардан сұрау, әңгімелету. (көркем әдебиет)</p> <p>Өзін құрметтеуге, өз қадір-қасиетін сезінуге, өзіне деген сенімділікке тәрбиелеу. Отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы әңгімелеу. Соның</p>	<p>Мерекелік ертеңгілік Балардың ән айту, би билеп тақтақтар айтуын, ойындар ұйымдастыру (көркем әдебиет музыка, сөйлеуді дамыту)</p>		<p>Анашым Айналайын анашым, Үлкейдім мен, қарашы. Маңдайымнан иіскеп ап, Шаштарымды тарашы.</p> <p>Ұйықтап алшы анам-ау, Шаршап келдің жұмыстан! Өлеңін оқып беру. Балалардан анасына қалай көмектесіндері туралы сұрау. Ойларын толық жеткізуін қалыптастыру (көркем әдебиет) Анамызға көмектің бірі ойыншықтарымызды ойнап болған соң әдемі етіп жинап қою. Қане ортада қорапта тұрған ойыншықтарды өсу</p>	<p>Топтағы ойыншық сөресін реттеу керектігін айту. ойыншықтарды салыстыруды үйрету. Топтағы орындарын ауыстыру (математика негіздері)</p> <p>Аналар мерекесі қалай өтті? Аналарының қуанышты сәттері туралы айту. оларды эмоциямен көрсетуді ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту)</p>

	бірі 8 наурыз халықаралық әйелдер күні екенін айтып түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу)			және кему ретімен орналастырып, салыстырып көрейік деп тапсырманы орындату (математика негіздері)	
Серуенге дайындық	Серуендеуде балалардың табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, еңбекке баулу, таза ауадағы ойындар арқылы белсенділіктерін күшейту. Жағымсыз қылықтары үшін ұятты сезіне білуге, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу. Балаларды ретімен (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуін бақылау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарының киінуіне көмектесуге тәрбиелеу (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) .				
Серуен	Балабақша ауласында серуен. Құстардың да жануарлардың да анасы болатындығын түсіндіру. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» Дербес ойындар. Балалардың доптармен, қозғалатын ойыншықтармен, құрсаулармен ойындарын қолдау,	Құрылыс материалдарынан дербес әрекет жасату. (құрастыру) Балабақша ауласында серуендеп жүрген кезде әр бір көрген заттарын сипаттап сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды дамыту (ұзындау-қысқалау, кеңдеу-тарлау). (математика негіздері)		Шамасы келетін жұмысты орындату кезінде балалардың бастамасын қолдау: қар тазалау, қыстайтын құстарды қоректендіру. Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық» «Ана туралы» әнін дауыстап және төмен дауыспен айтқызу (музыка)	Дене шынықтыру құралдарын, спорттық және қимылды ойындарға арналған атрибуттарды пайдалануға ынталандыру Қимылды ойын Қоршаған ортада, табиғатта қарапайым тәртіп ережелерін білуін пысықтау. (қоқыс тастамау, өздігінен от жақпау). (қоршаған ортамен танысу)

	Кұрастыру заттарынан еркін құрылымдар құрастырғызу. (кұрастыру)				
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті) .				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Ең жақсы сөз <i>Н.Жанаев</i> Ең жақсы сөз – Ана, Ең жақсы сөз – Бала. Өсіп жатса бала, Ана оған пана. Аман болсын Ана, Аман болсын Бала. (сөйлеуді дамыту) Балаларды екі орталыққа қалаулары бойынша бөлу. Аналарына арналған білезік жасату. (мүсіндеу) Аналарға арналған ашық хатты безендіруін ұйымдастыру. (жапсыру) Ертеңгілікте айтатын әндерін билерін қайталату. (музыка)</p>	<p>Балаларды орталықтарға бөлу. Балалар қалауы бойынша еркін тақырыпта шығармашылық жұмыстармен айналысуға мүмкіндік беру. (жапсыру) (сурет салу) (мүсіндеу)</p>		<p>Кітаптар қарату, өздері білетін ертегілерді сахналату. «Жеті лақ» ертегісіндегі ананың рөлі туралы әңгімелесу. Сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру. (көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту) Баларады орталықтарға бөлу. Композицияны құрастыруда дайын пішіндердің көмегімен заттарды қиюға немесе өз бетінше ойдан қиып жапсыруға мүмкіндік беру. Еркін тақырыпта жұмыс жасату (жапсыру) (сурет салу)</p>	<p>Қағаздан құрастырылған гүлдердің түрлерімен таныстыру . Орталықтарға бөлініп ұнаған гүлмен шығармашылық жұмыстарын жасату. Таңдауы бойынша сурет салу жапсыру немесе мүсіндеуді, құрастыру орындату</p>

Балалармен жеке жұмыс	тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөлісе білуін үйрету	таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуын дамыту		ойын ашық айтып, өзінің пікірін білдіріп, өзімен санасқанды, өзін құрметтегенді ұнатауын дамыту	Кітапран суреттер қарау. Суреттер бойынша өз ойын жай және жайылма сөйлемдермен жеткізе білуін дағдыландыру.
Балалардың үйге қайтуы	Апта бойы бала не үйренгені жайлы сұхбат, әңгімелесу.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 2023 жыл 3 апта

Мектепке дейінгі ұйым: Шағын орталық

Топ: «Балапан»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 13.03.2023	Сейсенбі 14.03.2023	Сәрсенбі 15.03.2023	Бейсенбі 16.03.2023	Жұма 17.03.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды көңілді көңіл-күй, әсем әуенмен қарсы алу.Баладан бақшаға келгенше не көргенін, қандай көңіл күймен келгенін, сыртта ауа райын қандай болып тұрғанын сұрау, баланың жеке пікірін білдіруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланы дамыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша әңгімелесу, кеңес беру, логопед, психолог мамандардың кеңесіне жүгіну кестелерін еске салу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. (сөйлеуді дамыту) Дидактикалық ойын:«Көліктерді тап, сана», «Айырмашылығын тап», «Орнын тап» Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптардан жануарлардың суреттерін қарау, Табиғат бұрышындағы өсімдіктер, оларға күтім жасау (топрағын қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. (бөлме жануарларына күтім жасау) Балармен жеке жұмыс. Бақылау күнтізбесінде ауа райын белгілету (суық, жылы, күн шуақты, қар, жаңбыр жауды, жел соқты), соған сәйкес киіну дағдысын қалыптастыру.				
Таңертеңгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын: Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем мезгілінде неше ай бар? Қандай айлар атап беріндерші? Көктемде не жауады? Балалардың жаңалықтарымен бөлісуін, жақсы тілектер тілеуін ұйымдастыру.				

	«Наурыз мерекесі туралы не білеміз?» тақырыбында әңгімелесу. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүруді секірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып жүгіру жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; <u>Қимылды ойын:</u> Жалауға қарап жүгіру.</p>	<p>Музыка "Бесік жыры". Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру.</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүруді секірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып жүгіру жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; <u>Қимылды ойын:</u> Автобус Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүруді секірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып жүгіру гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, орнында айналу; <u>Қимылды ойын:</u> Тегіс жолмен</p>	<p>Музыка "Әжеміздің әні тамаша". Мақсат-міндеттер: балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу және айта білу қабілетін дамыту; дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысына жаттықтыру.</p>

			түрлі нтонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу. Қазақ тілі		
	Көктемнің алғашқы айы наурыз екенін. Наурыз тойы туралы ақпарат беру. Балаларды қазақ халқының қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, қонақты күтіп алу, төрге отырғызу, «қонақ кәде», «сыбаға», ас қайыру, бата беру, қонақты шығарып салу дәстүрлерін үйрету арқылы үлкендерді сыйлауға, дастархан басында әдептілікті сақтауға баулу. Ұлттық бұрышта, ұлттық киімдерді киіп, қонақты күтіп алып шығарып салуын дәстүрге сай ұйымдастыруын сахналату. (сөйлеуді дамыту)	Ғажайып қорапшадан қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлері шығарып. Балалар оларды атайды, содан соң санап салыстырады. Қандай қызмет атқаратынын, қандай дыбыс шығаратынын атай беруді үйрету. Сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде қолдана білуге үйрету (сөйлеуді дамыту, математика негіздері) Қазақ халқының ұлттық киімдерімен, әшекейлерін тағып көру. (қоршаған ортамен танысу) Дайын әшекей бейнелерін бояту	Қамшымен таныстыру. Бөліктерін атау, тану. Оны кеңістікте орналастыру арқылы анықтау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу(алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру, заттардың өзіне қатысты орналасуын сөздермен белгілеуді жетілдіру (менің алдымда үстел, сол жағымда орындық тұр). (математика негіздері) «Қара жорға» әнін айтқызу, би қимылдарын қамшы мен жасату. (музыка)	«Жыл басына таласқан хайуанаттар» ертегісін естеріне түсіру. Ұсынылған сюжеттер бойынша қойылымдарды сахналауға үйрету. (сөйлеуді дамыту) Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру. Киіз үй бенсін дұрыс орналастырып жапсырту. (жапсыру)	Киіз үй туралы не білетіндерін сұрау. Халық мақалдарын айтқызу. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл. Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені. Әкені көріп ұл өсер, Ананы көріп қыз өсер. Бірлікбар жерде – тірлік бар. (сөйлеуді дамыту) Киіз үйдегі тұрмыстық заттарды атау. Олардың қызметі туралы әңгімелеп, көрсету. Олардың суретін салғызу. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу)

		(сурет салу)			
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Серуенге қызығушылық туғызу. Балалардың өз-өзіне қызымет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру. Достарына көмектесу дағдаларын жетілдіру. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).				
Серуен	Ұлттық заттарды қазіргі таңда балабақшамыздың қай жерлерінен көруге болатынын айтып, көрсету. (қоршаған ортамен танысу) Оларды санату, салыстыру (математика негіздері) Қимылды ойын «Автобус»	Ауа райын тамашалату. Көктемнің алғашқы белгілерін байқату. (қоршаған ортамен танысу) Қимылды ойын «Кішкентай маймылдар»	Ағаштың бұтақтарын жинап, үйшік құрастыруды үйрету. (құрастыру) Балабақша ауласындағы құстарды бақылату. Олардың тіршілігі туралы әңгімелету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Қимылды ойын «Шымшықтар мен мысық»	Ауа райын бақылату, Балабақша ауласында кездесетін пішіндерді таптырту. (математика негіздері) Дидактикалық ойын «Дауысынан таны» кеме мен ұшақтардың дауыстарын тану, атауды пысықтау. Қимылды ойын «Қояндар»	Балабақшаның ұлттық бұрышына барып, қонақ күту ойынын ойнату. (көркем әдебиет) Ұлттық бұрыштағы заттарды тану, санату, салыстыру. (математика негіздері) Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау дағдысын пысықтау. (жапсыру)

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Балаларды екі орталыққа бөлу. Бірінші орталықта балаларға құрылыс материалдарынан киіз үй құрастыруды орындату. (құрастыру) Екінші орталықта шығармашылықпен қалаулары бойынша ұлттық тағамдардың суретін бояйды немесе мүсінін жасап үстел бетіне жайғастырады. Таңдауы бойынша дайын тағамдарды қиып жапсырады.	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіруді жалғастыру. (мүсіндеу) Сақина салу ұлттық ойынымен таныстыру. Оның ережелерін айту. Сақина түрлерімен таныстыру. Бірнеше рет ойнату. (көркем әдебиет) Құрылыс материалдарымен еркін ойындар (құрастыру)	Балаларды орталықтарға бөлу. Ер балаларында ермексаздан қамшы мүсіндеуге қызығушылығын тәрбиелеу. (мүсіндеу) Қыз балаларға кілемшені «құс тұмсық», «бота мойын», «ботакөз» оюларымен безендіруді үйрету. элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтауды қалыптастыру. (сурет салу) Барлығына «Наурыз» тақпағын жаттату. Қарды ерітіп жылғасы, Наурыз келді – жыл басы. Шуақ төкті жарық күн, Мейрамында халықтың. Бата беріп атамыз, Бата беріп апамыз. Тәтті болып жасалған Наурыз дәмін татамыз.	Әшекей бұйымдардың суретін салғызу. (сурет салу) Қазақ халқының бұйымдарымен (киіз үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), тұрмыстық заттарымен (күбі, мес, келі) таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеуді жетілдіру. (құрастыру) Балалардың сұранысы бойынша кітаптан ертегі оқып беру. Әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін адамгершілік нормалары мен түсініктері тұрғысынан бағалату (көркем әдебиет)	Құрылыс материалдарынан құрастыру ойындарын ойнату. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтауды жетілдіру. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту. (құрастыру) Ермексазбен еркін әрекеттер жасату. (мүсіндеу)

			(көркем әдебиет)		
Балалармен жеке жұмыс	геометриялық фигураларды көру және сипап сезу арқылы зерттеуді үйрету.	жұмбақтар жасыру. Жұмбақтардың жауабын табуына қызығушылығын тудырып, талпындыру.	қағаз парағын түрлендіруді үйрету	Топтағы ойыншық сәресін реттестіру. ы берілген тапсырманы жауапкершілікпен орындауға талпындыру.	өз бетінше ойнауды және спорттық ойындардың ережелерін сақтауды үйрету
Балалардың үйге қайтуы	Ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту дағдыларын үйде де жетілдіру керектігі туралы ақпарат беру. Көлік түрлері туралы әңгімелесуді ұсыну.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Наурыз айы 2023 жыл 4 апта

Мектепке дейінгі ұйым: Шағын орталық

Топ: «Балапан»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 20.03.2023	Сейсенбі 21.03.2023	Сәрсенбі 22.03.2023	Бейсенбі 23.03.2023	Жұма 24.03.2023
Балаларды қабылдау	«Көңілді смайликтер» арқылы қарсы алып, көңіл-күйлерін сұрау. Балаларды қабылдап, тазалықтарына мән беру. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың үйдегі отбасы мүшелерімен қарым қатынасында өз ойын толық жеткізуі туралы әңгімелесу. пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық».</p> <p>Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар.</p> <p>Құрылыс материалдарынан, «лего» конструкторлардан құрастыру: Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдауды үйрету. (құрастыру)</p> <p>Кітаптарды қарату, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастырту.</p> <p>Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасату, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру</p>				
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Таңғы жиын.</p> <p>Шуақ шаша алтын таңда,</p> <p>Мөлдір таза ауада.</p> <p>Табиғаттың бәрі оянады.</p> <p>Қайырлы таң балалар!</p> <p>Сәлем бердім саған елім!</p>				

	<p>Тал бесігім туған жерім. Сәлем бердім бәріңізге! Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктемде қанша ай бар? Атап беріңдер?деп сұрақтар қойып Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылату. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Жаңбыр» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p><u>Дене шынықтыру</u> <u>Жалпы дамытушы</u> <u>жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> жүру жетекшіні ауыстырып жүгіру допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; орнында айналу; <u>Қимылды ойын:</u> Тышақандар мен мысықтар</p>				<p>Музыка</p>
	<p>Балабақша ауласына серуен барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемдегі –</p>				<p>Терезеге қарап жаңбырды тамашалату. Жаңбыр туралы не білетіндерін сұрау. Далаға шелектер</p>

	<p>құстардың ұшып келуі, оларды қоректендірудің қажеттігін түсіндіру. Топқа оралып, жабайы аңдардың суретін көру олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. (қоршаған ортамен танысу) Балалардың кітаптағы құстардың бейнесін өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет) Жеке құстарды және бірдей құстарды қайталап салу және олардың қасына басқа заттарды бейнелеу арқылы сюжеттік композицияларды салдырту (сурет салу).</p>				<p>қойып су жинату, жиналған суды топтағы өсімдіктерге құйғызу(сөйлеуді дамыту және қоршаған ортамен танысу) Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, «бүгін», «кеше», «ертең» туралы ұғымдарын кеңейту. Күн тәртібі бейнеленген суреттерге ауа райын бақылап, жаңбыр қай кезде жауып тұрса, сол кезде жаңбырдың карточкасын жапсырту. (математика негіздері)</p>
--	--	--	--	--	---

<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылату. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				
<p>Серуен</p>	<p>5-ке дейін реттік санату дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атату. Балабақша ауласындағы ағаштарды, құстарды санату. (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Хан талапай»</p> <p>Наурыз туралы ән айту. (музыка)</p> <p>Еркін ойындар</p>				<p>Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. (көркем әдебиет)</p> <p>Ауладағы ағаштарды бақылату, салыстыру, көктемде қалай өзгеріп жатқанын бақылату. Өсімдіктер, оларға күтім жасату (жерді қопсыту, суарту, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсініктерімен еңбек дағдыларын дамыту. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Трамвай»</p>

Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітаптар қарату. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, халық ауыз әдебиеті шығармаларымен таныстыру. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет) Құстардың мүсінін жасату, қиып жапсыру жұмыстарын орындату (мүсіндеу, жапсыру) Конструктордан әр түрлі құрылымдар құрастыру. (Құрастыру)				Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салу, мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)
Балалармен жеке жұмыс	Өнер орталығында сурет салу, суретті карточкаларды бояу				Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғасты
Балалардың үйге қайтуы	Жыл басы наурыз туралы әңгімелесуді ұсыну. Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы баяндау. Апта бойғы қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Наурыз айы 2023 жыл 5 апта

Мектепке дейінгі ұйым: Шағын орталық

Топ: «Балапан»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 27.03.2023	Сейсенбі 28.03.2023	Сәрсенбі 29.03.2023	Бейсенбі 30.03.2023	Жұма 31.03.2023
Балаларды қабылдау	Көңілді қарсы алып, көңіл-күйлерін мен денсаулығы туралы сұрау. Баладан өз отбасында қандай шаруамен айналысқаны жайлы айтып беруге тарту (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата –аналармен пікірлесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары. Дидактикалық ойын: «Не жетпейді?» (суреттер бойынша), Ғажайып қоржын (ішіндегі затты сипап сезу арқылы анықтау, атын атау), «Ғажайып сандық». Өнер орталығында сурет салу, суретті кітапшаларды бояу, ермексазбен және түрлі түсті қағаздармен еркін өз бетінше жұмыстар. Құрастыру материалдарымен құрастыру ойындары, кітаптарды қарау, суреттер бойынша әңгімелеу, ертегілер құрастыру. Балармен жеке жұмыс. Бөлме өсімдіктеріне және табиғат бұрышындағы жануарларға күтім жасау, адамның табиғатқа қамқорлық танытуының маңызы туралы білімдерін қалыптастыру				
Таңертенгі жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Қимылдауға ыңғайлы, жеңіл киіммен желдетілген бөлмеде дене жаттығуларын орындату. Тыныс алу жолдарын шынықтыру.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Таңғы жиын. Бір біріне жақсы тілектер айтқызу. Балалардың жаңалықтармен бөлісуін ұйымдастыру. «Көктемгі ағаштар» туралы не білетіндерін сұрау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдау, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:	Музыка "Домбыра". Мақсат-міндеттер: балалардың домбыра	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:	Дене шынықтыру Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:	Музыка "Домбыра". (пысықтау) Мақсат-міндеттер:

	<p>жүруді секірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып: жетекшіні ауыстырып жүгіру гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); <u>Қимылды ойын:</u> Тышақандар мен мысықтар</p>	<p>туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру.</p>	<p>жүруді секірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып: жетекшіні ауыстырып жүгіру гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен ауыспалы қадаммен өрмелеу, 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, допты кедергілер арқылы бастан асыра екі қолымен және бір қолымен лақтыру (2 метр қашықтықтан); <u>Қимылды ойын:</u> Өз түсінді тап <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу. Қазақ тілі Бір-біріне неге, не үшін деген зерттеу сипатындағы сұрақтарды қоюға мүмкіндік беру</p>	<p>жүруді секірумен алмастырып жүру түрлі тапсырмаларды орындай отырып: жетекшіні ауыстырып жүгіру 20–25 сантиметр биіктіктен секіру, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру; орнында айналу; <u>Қимылды ойын:</u> Поезд</p>	<p>балалардың домбыра туралы түсініктерін кеңейту; домбыраның дыбысын ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру; ырғақты қимылдарды орындай білу іскерліктерін жетілдіру</p>
<p>Көктем мезгілі туралы фильм көрсету. Көктемде ағаштар</p>	<p>Ата –бәйтерек, Бала – жапырақ мақылын мнемо</p>	<p>Балаларды орталықтарға бөлу. Бірінші орталықта</p>	<p>Ғажайып қоржынды көрсету. Ішіндегі ойыншықтарды</p>	<p>Дидактикалық ойын «Ағаштардың дәнін тап» Суреттерде</p>	

	<p>бүршік жарып, жапырақ ашып, жеміс ағаштары гүлдейтінін айту. бірақ бұл құбылыс Қазақстанның әр өңірінде әр түрлі уақытта болатынын айту. Мысалы Астанаға көктем кеш келеді. Ал Қазақстанның оңтүстігінде өрік ағаштары гүлдеп жатқанын түсіндіру. Терезеге қарап, ағаштарды бақылату. Дәл осы сәттегі ағаштардың бейнесін сурет салып, есімізге сақтап қалайық деп сурет салуды ұсыну. (қоршаған ортамен танысу, сурет салу) «Бақша ағаштары» әңгімесін оқып беру. Әңгіменің негізі ойын балаларға түсіндіру. (көркем әдебиет)</p>	<p>кесте арқылы көрсетіп түсіндіру. Бәйтерек ағашы туралы фильм суреттер қарату. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Ұжымдық жұмыс. Алдын ала жасалған бәйтерекке жапырақтарын ермексаздан жасап жабыстырғызу. (мүсіндеу)</p>	<p>Қалауы бойынша кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарастырып, ертегі, әңгіме құрастыруына мүмкіндік беру. (көркем әдебиет)</p> <p>Екінші орталықты дербес шығармашылшық әрекет. Сюжетті композицияларды салу кезінде әрбір затқа тән ерекшеліктерді, олардың бір-біріне арақатынасын айтып беруді пысықтау. (сурет салу).</p>	<p>таныстыру. Дидактикалық ойын «Кім жылдам жұбын табады» ғажайып қалтадан ойыншықтар шығару, балаларға топтан соның жұбын тауып саластыру жағдайын жасату. (математика негіздері)</p> <p>Топты сәндеуге арналған заттар жасату. Қағаздың бұрыштарын және қырларын біріктіру, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыруды үйрету (құрастыру)</p>	<p>ағаштар және олардың дәндері. Екінші конвертте ағаштар және жемістер. Сәйкесін табуды үйрету. Оларды қалай тануға және ажыртуға болатынын түсіндіру. Бір біріне жасырып ойнауын ұйымдастыру (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Дәндерді 5еуден жинау. Карточкалармен жұмыс жасату. (математика негіздері)</p>
<p>Серуенге дайындық</p>	<p>Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын құрал-жабдықтады дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Табиғи материалдар туралы не білетіндерін сұрау. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылату. Киім шкафтарын таза ұстау және жинауды қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p>				

<p>Серуен</p>	<p>5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. Балабақша ауласындағы ағаштарды санату. (математика негіздері)</p> <p>Қимылды ойын «Хан талапай»</p> <p>Еркін ойындар</p>	<p>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау. Қазақстанның түрлі аймақтарында ауа райының түрліше болуы туралы түсінік беру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Жаңбырдың суын басып, құрғақ жерді басу арқылы іздер салуды ұйымдастыру. (сурет салу)</p> <p>Қимылды ойын «Поезд»</p>	<p>Көктемгі ағаштарды бақылату. Олардағы өзгерістерді бақылату үшін әр балаға ағаштардың айырмашылық белгілерін тани білуін қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Жалауға қарай жүгір»</p>	<p>Балабақшаның сыртындағы көліктерге назарларын аударту. Балаларды жол қозғалысы ережелерін саналы түрде сақтауға үйрету. «Полиция» ойынын ойнату. (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Табиғи заттардан (қардан) әр түрлі құрылымдар құрастырту (құрастыру)</p> <p>Қимылды ойын «Өз түсіңді тап»</p>	<p>Кітаптан балалардың сұранысы бойынша ертегі оқып беру. (көркем әдебиет)</p> <p>Табиғатты бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: көктемде көбелектер, қоңыздардың пайда болуы, құстардың көбеюі, олардың сайрауы, шықшылықтауы, ұя салуы, балапан шығаруы жайлы айтып, көрсетіп таныстыру (қоршаған ортамен танысу)</p> <p>Қимылды ойын «Трамвай»</p>
<p>Серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттату (көркем әдебиет, дербес ойын әрекеті).</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітаптарды қарату. Таныс ертегі қойылымын жасату. (сөйлеуді дамыту)</p> <p>Дайын ағаштарға жапырақтар мен гүлдерді ермексаздан</p>	<p>Астанадағы бәйтерек мұнарасы туралы айту. оның макетін көрсету. Құрылыс бөліктерін санату, салыстыру. (математика негіздері)</p> <p>«Мақта қыз бен</p>	<p>Топтағы ойыншықтарды санату, салыстыру. Жиын жасату. (математика негіздері)</p> <p>«Көктемдегі Маша мен аю» ертегілер мен қоршаған өмір</p>	<p>Табиғи қалдық заттардан композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеруін қадағалау;</p>	<p>Балалардың қалауы бойынша дербес әрекеттер. Құрастыру және шығармашылық бағытында кітаптар қарату, әңгімелесу. Топтағы ойыншықтарының суретін салғызу,</p>

	<p>жасап, немесе қағаздан қиып жапсыру. (мүсіндеу, жапсыру)</p> <p>Көктем туралы жаттаған әнін айтқызу (музыка)</p>	<p>мысық» ертегісіндегі ағаштың рөлі туралы сұрау. Ертегіні сахналату (көркем әдебиет)</p> <p>Балаларды орталықтарға бөліп жақсы көретін әндерін тыңдатып, билету. (музыка)</p> <p>Балалардың қалауы бойынша еркін тақырыпта жапсыру әрекетін жасату. (жапсыру)</p>	<p>тақырыптарына сюжеттік композициялар құрату (мүсіндеу)</p> <p>Конструктордан ұя құрастыру дағдыларын қалыптастыру (құрастыру)</p>	<p>(жапсыру)</p> <p>Таныс ертегінің кейіпкерлерінің бейнелерін сомдауға қажетті дауыс ырғағы және тілдің қарқынын қолдану дағдыларын қалыптастыру (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>мүсінін жасату, немесе қағаздан өздері ойыншық жасауына мүмкіндік беру. (сурет салу, құрастыру, мүсіндеу, жапсыру)</p>
Балалармен жеке жұмыс	сөйлеуде сын есімдерді қолданып, салыстыру нәтижелерін атауды қалыптастыру	салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру	ұжымдық әңгімеге қатысады, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуді үйрету.	бастаған ісін аяғына дейін жеткізуді қалыптастыру	өз бетінше ойдан құрастыруын дағдыландыру
Балалардың үйге қайтуы	Бүгінгі күннің қызықты сәттері туралы сұрау, сұхбаттасу Апта бойында болған қызықты сәттерді әңгімелеу.				

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы
Сәуір айы 2023 жыл 1 апта

Мектепке дейінгі ұйым: Шағын орталық

Топ: «Балапан»

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 03.04.2023	Сейсенбі 04.04.2023	Сәрсенбі 05.04.2023	Бейсенбі 06.04.2023	Жұма 07.04.2023
Балаларды қабылдау	Балаларды қарсы алып, ыстық мейірімге баулу. Амандасу дағдыларын жетілдіру. Баланың бүгінгі көңіл күйі, оның денсаулығы туралы сұрау. Далада қандай ауа райы болып тұрғанын сұрау. Ғажайып қорапшадан ұнаған жаңа ойыншығын алып, топқа өтуін ұйымдастыру. (сөйлеуді дамыту).				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Баланың танымдық, зияткерлік дағдыларының даму деңгейлері туралы ақпарат беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Топта балалар арасында достық қарым-қатынасты тәрбиелеу, оларды шеңберге отырғызып, бір біріне жақсы тілек айтқызу. Мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру. Топта балалармен шағын ойын орталықтарында еркін ойындарды ұйымдастыру, үстел үсті ойындары (пазлдар, домино, суретті карточкалар, дидактикалық ойындар). Өнер орталығында сурет салғызу, суретті карточкаларды бояту, дербес шығармашылық іс әрекеттерді ұйымдастыру. Табиғи құрастыру материалдарымен құрастыру, кітаптарды қарату, еңбек әрекеті бойынша әңгімелесу Шамасы келетін жұмысты орындату кезінде балалардың бастамасын қолдау: бөлме өсімдіктеріне күтім жасату, оларды суару. (қоршаған ортамен танысу) Балалармен жеке жұмыс.				
Таңертенгі жаттығу	Сәуір айына арналған таңертеңгі жаттығуларды орындату (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті) Дене белсенділігі (таңертеңгі жаттығу, шынықтыру, спорттық және қимылды ойындар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Шаттық шеңбері «Сәлем берем үлкенге» Алдымыздан кезіккен, Көп танысты көреміз, Бәріне де ізетпен, Сәлеметсіз бе, ағай? – деп, Сәлеметсіз бе, апай? – деп,				

	<p>Есенсіз бе, апай? – деп, Амансыз ба, атай? –деп, Ұл-қыз сәлем береміз, Өнегелі өренбіз. Балалардың сезінген әсерлерімен , жаңалықтармен бөлісуіне жағдай жасау. Көктемгі көңіл күйлері қалай екені сұрау? «Аспан әлемі туралы не біледі? Балалардың ойын тыңдау. Бірлескен жоспарларды, мәселелерді талқылау, қызығушылықтары бойынша әрекет түрін таңдату, ережелер туралы келісу және т. б. (сөйлеуді дамыту)</p>				
<p>Ұйымдастырылған іс-әрекеттер</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> бағытты және қарқынды өзгертіп жүру 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру Бөренеден аттап өту орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. <u>Қимылды ойын:</u> «Масаны ұстап ал»</p>	<p>Музыка "Ғарыштағы қоңыраулар". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңа әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> қарқынды өзгертіп жүру 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру секіргішпен секіру. допты жоғары лақтыру <u>Қимылды ойын:</u> «Торғайлар мен мысық» <u>Спорттық жаттығулар:</u> Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Қазақ тілі Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс</p>	<p>Дене шынықтыру <u>Жалпы дамытушы жаттығулар.</u> <u>Негізгі қимылдар:</u> бағытты және қарқынды өзгертіп жүру 1–1,5 минут ішінде баяу қарқынмен жүгіру Бөренеден аттап өту орнынан ұзындыққа (шамамен 70 сантиметр), қысқа секіргішпен секіру. допты жоғары лақтыру <u>Қимылды ойын:</u> «Тауықпен мен балапандар»</p>	<p>Музыка "Ғарышкерлер жыры". Мақсат-міндеттер: балаларды жаңа әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыканың көңілді, ойнақы сипатын алақандарымен баяу, ырғақты ұрып, әуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеу дағдысын меңгерту.</p>

